

## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумақтарын санитарлық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 31 қаңтар N 112

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 31 мамырда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумақтарын санитарлық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер аумақтарын санитарлық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ**

Ресми куәландырылған мәтін

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттер Үкіметтері

Келісімге қатысушы-мемлекеттер халқы үшін аса қатер төндіретін карантиндік және өзге де аса қауіпті жұқпалы аурулардың әкелінуі мен таралуының алдын алудағы келісімнің маңыздылығын тани отырып,

денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты жалғастыру мен кеңейту және Тараптар мемлекеттері аумақтарын санитарлық қорғау және эпидемияға қарсы әрі санитарлық-гигиеналық мемлекеттік іс-шаралар үйлестіруді қамтамасыз ету ынтымақтас б а с ш ы л ы қ қ а                      а л а                      о т ы р ы п ,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі келісім-шарттар мен шаруашылық және сауда байланыстарын дамытуды жүзеге асыру кезінде Тараптар мемлекеттері аумақтарын халық денсаулығы үшін ықтимал қауіпті тауарлар мен жүктердің әкелінуі мен сатылуынан өзара қорғау мүддесіне орай,

төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Тараптар Карантиндік және өзге де жұқпалы аурулар тізбесі мен Санитарлық-карантиндік бақылауға жататын тауарлар мен жүктердің тізбесіне (1 және 2-қосымшалар) сәйкес Тараптар мемлекеттері шекарасындағы өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылау жөніндегі қажетті іс-шараларды жүргізетін болады. Тізбенің деректері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының денсаулық сақтау

саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кеңесінің шешімі бойынша өзгеруі мүмкін. Тауарлар мен жүктерді санитарлық-карантиндік бақылау бойынша шығыстар қабылданған ұлттық тарифтерге сәйкес айқындалады.

## **2-бап**

Тараптар Тараптар мемлекеттерінің шекарасындағы өткізу пункттері арқылы жасалатын тауарлар мен жүктердің импорты, экспорты және транзиті кезінде халық үшін аса қауіп төндіретін карантиндік және өзге де жұқпалы аурулардың әкелінуі мен таралуынан аумақтарды санитарлық қорғау жөніндегі өзара келісілген санитарлық ережелер мен нормаларды сақтау міндетін алады. Көрсетілген санитарлық ережелер мен нормаларды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кеңесі мемлекетаралық ретінде қабылдайды.

## **3-бап**

Тараптар аумақтарды санитарлық қорғау саласындағы тұрақты ынтымақтастықты дамыту мақсатында мынадай міндеттер алады:

бір Тарап мемлекеті аумағынан екінші Тарап мемлекеті аумағына халық үшін аса қауіп төндіретін карантиндік және өзге де жұқпалы аурулардың әкелінуі мен таралуының алдын алуға қажетті шаралар қабылдау;

халық үшін ықтимал қауіпті тауарлар мен жүктердің импорты, экспорты және транзиті кезінде олардың әкелінуі мен сатылуына жол бермеу үшін қажетті іс-шараларды жүзеге асыру;

аумақтарды санитарлық қорғау жөніндегі іс-шараларды реттейтін нормативтік құқықтық және өзге де құжаттарды алмасу;

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында халық үшін аса қауіп төндіретін карантиндік және өзге де жұқпалы аурулардың анықталуы мен таралуы туралы ақпарат алмасу;

аумақтарды санитарлық қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстар туралы ақпарат алмасу;

мынадай мақсаттарда мамандарды алмасу:

- тауарларды өндіру мен дайындау орындарында оларды ішінара санитарлық-гигиеналық тексеруді жүзеге асыру;

- шекаралық өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылау мәселелерін ж е д е л ш е ш у ;

- қазіргі кезде бар ынтымақтастық шеңберінде аумақтарды санитарлық қорғау саласындағы ғылым мен практиканың жетістіктерін зерделеу;

аумақтарды санитарлық қорғау (эпидемиялық ошақтарды анықтау, оқшаулау және жою) мен санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуде бір-біріне ғылыми, техникалық және өзге де көмек көрсету ;

эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайларда кез келген Тараптардың өтініші

бойынша бір немесе бірнеше Тараптардың обаға қарсы немесе өзге де эпидемияға қарсы мекемелерінің мамандарын іссапарға жіберу.

#### **4-бап**

Тараптардың аумақтарды санитарлық қорғау саласында жүргізілетін зерттеу жұмыстарына ғылыми-әдістемелік басшылық етуді, оларды үйлестіруді, сондай-ақ аумақтарды санитарлық қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құжаттарды, нұсқаулықтар мен ұсынымдарды тиісті мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтермен және ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп әзірлеуді Ресей Федерациясының "Микроб" обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты жүзеге асырады.

#### **5-бап**

Тараптар импортер-Тарап мемлекетінің аумақты санитарлық қорғау туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес халық үшін ықтимал қауіпті тауарлар мен жүктердің басқа Тарап мемлекетінің аумағына әкелінуіне және таралуына жол бермеуге барлық шараларды қабылдау міндетін алады.

Санитарлық-карантиндік бақылауға жататын, бір Тарап мемлекеті аумағынан екінші Тарап мемлекеті аумағына әкетілетін әрбір тауарлар немесе жүктер партиясының ұлттық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет берген гигиеналық бағалауды растайтын рұқсат беру құжаты болуға тиіс. Құжатта тауардың немесе жүктің импорттайтын Тарап қоятын санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі куәландырылады. Осы құжатты беру бойынша шығыстарды Тарапта қабылданған тарифтерге сәйкес тараулардың немесе жүктердің иесі көтереді.

Санитарлық-карантиндік бақылауға жататын, бір Тарап мемлекеті аумағынан транзит арқылы тасымалданатын әрбір тауарлар немесе жүктер партиясының, сондай-ақ жіберетін Тараптың мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі берген гигиеналық бағалауды растайтын рұқсат беру құжаты болуға тиіс.

Тараптардың уәкілетті органдары өз мемлекеті аумағына санитарлық-карантиндік бақылауға жататын тауарлардың немесе жүктердің әкелінуі кезінде осындай тасымалданатын тауарлар немесе жүктер партиясының санитарлық-гигиеналық жай-күйі жөнінде қосымша шарттар қою құқығын өзіне қалдырды. Импортер-Тарап экспортер-Тараптың құзыретті органдарын тауарлар мен жүктердің санитарлық-гигиеналық жай-күйі бойынша қосымша шарттар, оларға қолданылатын қосымша шарттардың қолданылу мерзімдері және тауарлар мен жүктердің тізбесі туралы хабардар етуге тиіс.

#### **6-бап**

Бір Тараптың екінші Тарап мемлекеті аумағына жолаушыларды, тауарлар мен жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары, сондай-ақ тауарлар мен жүктерді тасымалдауға арналған жәшік қаттамалары мен өзге де қаттама материалдарды қабылдайтын Тараптың санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы талаптарына сай келуге тиіс.

## **7-бап**

Тараптардың тиісті уәкілетті органдары импортер-Тарап мемлекетінің шекаралық пунктінде экспортер-Тарап өкілінің міндетті қатысуымен санитарлық-карантиндік бақылау кезінде онда халық үшін аса қауіпті карантиндік немесе өзге де жұқпалы аурулардың тасымалдаушысы немесе қоздырғышы анықталған жағдайда тауарды немесе жүкті экспортер-Тарап мемлекетінің аумағына қайтаруға немесе зарарсыздандыруға, ал тауарды немесе жүкті қайтару немесе зарарсыздандыру мүмкін болмаған кезде - оны жоюға құқығы бар. Осындай әрбір жағдай туралы импортер-Тарап экспортер-Тараптың тиісті органын хабардар етеді.

## **8-бап**

Осы Келісім Тараптардың олар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды әрі басқа халықаралық шарттарды жасауға кедергі болмайды.

## **9-бап**

Осы Келісім өзіне осы Келісімнен туындайтын міндеттемелерді қабылдауға дайын өзге де мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

## **10-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап, ал заңнамасы оны енгізу үшін қажет мемлекетішілік рәсімдерді талап ететін Тараптар үшін - тиісті хабарламаны депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптар осы Келісімге қол қойылған күннен бастап үш ай мерзім ішінде мұндай рәсімдерді орындау қажетті туралы депозитарийді хабардар етеді.

## **11-бап**

Осы Келісім оның күшіне енгізілген күнінен бастап 5 жыл бойы қолданылады және егер Тараптар басқа шешім қабылдаса, одан арғы 5-жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

Кез келген Тарап шығуға дейін 6 айдан кешіктірілмей бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады.

## **12-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімнің 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **13-бап**

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптар консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен немесе халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін өзге де рәсімдерді пайдалану арқылы шешіледі.

2001 жылғы 31 мамырда Минск қаласында бір түпнұсқалы данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқалы данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару

комитетінде сақталады, ол оның куәландырылған көшірмесі осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жіберіледі.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін	Молдова Республикасының Үкіметі үшін
Армения Республикасының Үкіметі үшін	Ресей Федерациясының Үкіметі үшін
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін
Грузия Республикасының Үкіметі үшін	Түркіменстан Республикасының Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін
Қырғызстан Республикасының Үкіметі үшін	Украина Республикасының Үкіметі үшін

Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығына қатысушы  
мемлекеттер аумақтарын  
санитарлық қорғау  
саласындағы ынтымақтастық  
туралы келісімге  
1-қосымша

**Санитарлық-карантиндік бақылауға жататын карантиндік және өзге де жұқпалы  
аурулардың  
ТІЗБЕСІ**

---

Аурулардың атауы МКБ бойынша шифр (ДДҰ 9 қайта қарауы)

---

**Карантиндік аурулар**

---

О б а  
С а р ы қ ы з б а  
Тырысқак, оның ішінде 0139

---

**Өзге де жұқпалы аурулар**

---

К ү й д і р г і  
Б р у ц е л л е з  
Т у б е р к у л е з  
С а п

М е л и о и д о з

Эпидемиялық

бөртпе

сүзегі

М а й м ы л

ш е ш е г і

Р и ф т

а л қ а б ы

қ ы з б а с ы

---

**Вирустық геморрагиялық қызба:**

---

М а р б у р г

Э б о л а

Л а с с а

Х у н и н

М а ч у п о

Менингококты инфекция (қажылыққа барған кезде)

Спонгионысанды энцефалопатия

---

**Санитарлық-карантиндік**

**бақылауға**

**жататын**

**тауарлар**

**м е н**

**ж ү к т е р д і ң**

**Т І З Б Е С І**

---

Т М Д с ы р т қ ы -

э к о н о м и к а л ы қ

қызметінің тауарлық

Тауарлардың қысқаша атауы

н о м е н к л а т у р а с ы

б о й ы н ш а

т а у а р д ы

т о п т а с т ы р у

( С Э Қ

Т Н

к о д ы )

---

**02-топ**

**Ет және тағамдық қосымша ет өнімдері**

---

0201

Жас (салқындалатын), салқындалатын немесе тоңазытылған сиыр, шошқа, қой немесе ешкі еті

0 2 0 2

0 2 0 3

0 2 0 4

0205 00 000 Жас, салқындалатын немесе тоңазытылған жылқы, есек, қашыр немесе лошак еті

0206

Жас (салқындалатын), салқындалатын немесе тоңазытылған ірі қара малдың, шошқаның, қойдың,

ешкінің, жылқының, есектің, қашырдың немесе лошактың тағамдық қосымша ет өнімдері

0207 Жас (салқындатылмаған), салқындатылған немесе тоңазытылған үй құстарының еттері мен тағамдық қосымша ет өнімдері

0208 Өгіздің, буйволдың, киіктің, кенгурудың, ботаның, бұланның, қабанның, қонжықтың және т.б. еті

0209 00 Шошқа майы, үй құсы майы, (салқындатылмаған, салқындатылған, қорытылған, қорытылмаған, тұздалған немесе тұзды судағы кептірілген немесе ысталған

0210 Тұздалған немесе тұзды судағы кептірілген немесе ысталған ет және тағамдық қосымша ет өнімдері; еттен және тағамдық қосымша ет өнімдерінен жасалған  
т а ғ а м д ы қ ұ н

---

**03-топ Балық, шаян тәрізділер, моллюскілер, басқа да судағы омыртқасыздар**

---

0301, 0302, Тірі, салқындатылған және тоңазытылған, бөлшектелген  
0303, 0304 және бөлшектелмеген балық; салқындатылған және тоңазытылған балық сүбесі

0305 Кептірілген, тұздалған, ыстықтай және суықтай ысталған балық (бөлшектелген және бөлшектелмеген); балықтан жасалған тағамдық ұн мен түйіршіктер.

0306 Шаян тәрізділер (бөлшектелген және бөлшектелмеген): тірі, салқындатылған, тоңазытылған, пісіріліп тоңазытылған, тұздалған, кептірілген; шаян тәрізділерден жасалған ұн мен түйіршіктер.

0307 Моллюскілер (бөлшектелген және бөлшектелмеген): тірі, салқындатылған, тоңазытылған, пісіріліп тоңазытылған, тұздалған, кептірілген

0307 Басқа да судағы омыртқасыздар (бөлшектелген және бөлшектелмеген): тірі, салқындатылған, тоңазытылған, пісіріліп тоңазытылған, тұздалған, кептірілген

---

**04-топ Сүт және сүт өнімдері; құстардың жұмыртқасы; табиғи бал; жануар тектестердің тағамдық ө н і м д е р і**

---

- 0401 Қант немесе өзге де тәттілендіретін заттар қосылмаған сүт және қойытылған қаймақ
- 0402 Қант немесе өзге де тәттілендіретін заттар қосылмаған сүт және қойытылған қаймақ
- 0403 Пахта, іріген сүт және қаймақ, йогурт, айран және өзге де ашытылған немесе ұйыған сүт пен қаймақ, қойытылған немесе қойытылмаған, қант немесе басқа да тәттілендірілген заттар қосылған немесе қосылмаған, хош иістендірілген немесе хош иістендірілмеген, жеміс-жидектер, жаңғақ немесе какао қосылған немесе қосылмаған
- 0404 Қойытылған немесе қойытылмаған, қант немесе өзге де тәттілендіретін заттар қосылған немесе қосылмаған сүт сарысуы; басқа жерде аты аталмаған қант немесе өзге де тәттілендіретін заттар қосылған немесе қосылмаған сүттің табиғи компоненттерінен жасалған өнімдер
- 0405 00 Сары май мен басқа да сүт майлары, сүт пасталары
- 0406 Сырлар мен ірімшіктер
- 0407 00 Қабығы бар, жас, консервіленген немесе пісірілген құс жұмыртқалары
- 0408 Жас, кептірілген, буға немесе қайнаған суға пісірілген, қалыпқа салынған, тоңазытылған немесе басқа да тәсілмен консервіленген, қант немесе өзге де тәттілендіретін заттар қосылған немесе қосылмаған қабықсыз құс жұмыртқалары мен жұмыртқаның сарысы
- 0409 00 000 Табиғи бал
- 0410 00 00 Басқа жерде аты аталмаған жануар тектестердің тағамдық өнімдері

---

**07-топ Көкөністер және кейбір жеуге болатын тамырлы жемістер және түйнекті жемістер**

---

- 0701 Жас немесе салқындатылған картоп
- 0702 00 Жас немесе салқындатылған томаттар
- 0703 Жас немесе салқындатылған басты пияз, ұсақ басты пияз (шарлот), пияз-бидайық, сарымсақ және басқа да пияз тәріздес көкөністер



- 0704 Түрлі-түсті қаданды капуста, кольраби, брокколи және басқа да оған ұқсас жеуге болатын тамырлы жемістер
- 0706 Сәбіз, шалқан, асхана қызылшасы, тамырлы балдыркөк, шалғам және басқа да оған ұқсас жеуге болатын тамырлы жемістер
- 0707 00 Қиярлар және Корнишондар
- 0708 Аршылған немесе аршылмаған бұршақ көкөністері
- 0709 Басқа да көкөністер: баклажандар, бұрыштар, артишоктар, қояншөптер және басқалар.

---

**08-топ** **Жеуге болатын түбірлі жемістер мен жаңғақтар, цитрус немесе бақша дақылдарының қыртысы мен қабықтары**

---

- 0801 Жас немесе кептірілген, қабығынан тазартылған немесе тазартылмаған, қабығы бар немесе қабықсыз кокос, бразилия жаңғақтары және кешью
- 0802 Басқа да жаңғақтар: бадам, орман, грек жаңғағы, талшындар, пістелер және басқалар
- 0803 00 Банандар
- 0804 Жас немесе кептірілген құрмалар, інжірлер, ананастар, авокадолар, манголар
- 0805 Жас немесе кептірілген цитрус жемістері
- 0806 Жас немесе кептірілген жүзім
- 0807 Жас қауындар, қарбыздар мен папайялар
- 0808 Жас алмалар, алмұрттар мен бекелер
- 0809 Өріктер, шиелер, тәтті шиелер, шабдалылар (бал шырындарын қоса алғанда)
- 0810 Басқа да жас түбірлі жемістер: бұлдірген, таңқұрай кара бұлдірген, қарлыған, мүкжидек, каражидек итбұлдірген және басқа да жидектер
- 0811 Тоңазытылған, қант немесе тәттілендіретін заттар қосылған түбірлі жемістер мен жаңғақтар (жас немесе суда немесе буда қайнатылған)
- 0814 00 000 Цитрус жемістерінің қабықтары немесе бақша дақылдарының қыртыстары (жас, тоңазытылған, кептірілген немесе уақытша сақтау үшін тұзды суда консервіленген)

---

**09-топ Кофе, шай және татымды дәмі бар өсімдіктер**

---

- 0901 Кофеині бар немесе кофеинсіз қуырылған немесе қуырылмаған кофе, кофенің жемісті дәні мен қабықтары, құрамында кофе бар кофе алмастырғыштар
- 0902 Хош иістендірілген немесе хош иістендірілмеген шай (көк және қара)
- 0904 Кептірілген, ұсақталған және ұнтақталған бұрыш
- 0905 00 000 Ваниль
- 0906 Қоңыр ағаштың дәмқабығы мен гүлдері
- 0907 00 000 Қалампыр (бүтін түбірлі жемісі, гүлдері)
- 0908 Жұпар жаңғақ, мацис, кардамон.
- 0909 Даршын, бадьян, фенхель, кордиандр, зере тұқымдары, арша жидектері
- 0910 Зімбір, зағыпаран, жебіршөп (тасшөп), тасшөп, лавр жапырағы және басқалар.

---

**10-топ Астық нандары (тұқымдар мен жемшөп дәнінен б а с қ а )**

---

- 1001 Бидай мен бидай-қара бидай қоспасы (машақ).
- 1002 00 000, Қара бидай, арпа, сұлы, жүгері, күріш, қарақұмық,
- 1003 00, тары және басқа да дәнді дақылдар.
- 1 0 0 4 0 0 ,
- 1 0 0 5 , 1 0 0 6 ,
- 1 0 0 7 0 0 , 1 0 0 8

---

**11-топ Ұн тарту-жарма өнеркәсібінің өнімдері, солод, крахмал бидай ұлпасы**

---

- 1101 00 Бидай немесе бидай-қара бидай, күріш, жүгері ұны,
- 1102 сондай-ақ басқа да дәнді дақылдар ұны
- 1103 Дәнді дақылдар жармасы мен түйіршіктері
- 1105 Картоп ұны, жармасы, үлпегі мен түйіршіктері
- 1106 Кептірілген бұршақ көкөнісінен жасалған ұн мен жарма
- 1107, 1108 Қуырылған немесе қуырылмаған солод, крахмал

---

**12-топ Майлы тұқымдар және жемістер: дәрілік өсімдіктер**

---

**мен техникалық мақсаттағы өсімдіктер**

---

1212 20 000 Кептірілген және тоңазытылған балдырлардан жасалған  
ұ н м е н ж а р м а

---

**15-топ Жануарлар немесе өсімдік тектестердің майлары  
мен тоңмайлары және олардан ажыратылып алынған  
ө н і м д е р**

---

1501 00 Мүйізді ірі қара және ұсақ малдардың, құстардың майы,  
қорытылған немесе қорытылмаған шошқа майы

1504 Балықтан немесе теңіз сүт қоректілерінен жасалған  
майлар, тоңмайлар және олардың фракциялары

1507-1516 Өсімдік майлары және олардың фракциялары

1517 Маргарин

1518 00-ден Басқа да майлар мен тоңмайлар

---

**16-топ Еттен, балықтан және шаян тәріздестерден,  
моллюскілерден немесе басқа да судағы  
омыртқасыз жәндіктерден жасалған тағамдар**

---

1601 00 Шұжықтар мен еттен, қосымша ет өнімдерінен немесе  
қаннан жасалатын осыған ұқсас өнімдер, олардың  
негізінде дайындалған дайын тамақ өнімдері

1602 Еттен, тағамдық қосымша ет өнімдерінен немесе қаннан  
жасалған басқа да дайын немесе консервіленген өнімдер.

1604 Балықтан, моллюскілерден, шаян тәріздестерден, басқа  
1605 да судағы омыртқасыз жәндіктер мен балдырлардан  
жасалған пресервтер

1604 Балықтан, моллюскілерден, шаян тәріздестерден, басқа  
1605 да судағы омыртқасыз жәндіктер мен балдырлардан  
жасалған ашеберлік тағамдар

1604 Балықтан жасалған дайын немесе консервіленген  
1605 өнімдер: бекіре уылдырығы (қара уылдырық) албырт  
(қызыл) уылдырығы және басқа да теңіз балықтарының  
уылдырықтарын алмастырғыштар, бүтін немесе сомдап  
бөлшектелген балық.

1605 20 Крилдің пісірілген-тоңазытылған еті, крильден  
ж а с а л ғ а н ұ н

---

**17-топ Қант нен қанттан жасалған кондитерлік бұйымдар**

---

- 1701 Құрақтық немесе қызылша қанты мен химиялық таза сахароза, қатты күйінде
- 1702 Химиялық таза лактозаны, мальтозаны, глюкозаны және фруктозаны қоса алғанда, қанттың басқа түрлері, қатты күйінде
- 1704 Құрамында какао жоқ қанттан жасалған кондитерлік бұйымдар (ақ шокаладты қоса алғанда)
- 

**18-топ Какао мен одан жасалған өнімдер**

---

- 1801 00 00 Бүтін және ұсақталған, шикі немесе қуырылған какао-бұршақтар
- 1802 00 000 Какаоның какавелласы (кебегі, қабығы, қауызы) мен басқа да қалдықтары
- 1803 Майсызданған және майсызданбаған какао-паста
- 1804 00 000 Какао-май, какаодан жасалған май және сұйық май
- 1805 00 000 Қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылмаған какао-ұнтақ
- 1806 Құрамында какао бар шоколад пен басқа да тамақ өнімдері
- 

**19-топ Астық дәндерінен, ұннан, крахмалдан және сүттен жасалған тағамдар, ұннан жасалған кондитерлік тағамдар**

---

- 1901 Солод шырсөлі, ұннан, жармадан, крахмалдан немесе солодтан жасалған тамақ өнімдері
- 1901 10 000 Арнайы балалардың тағамы
- 1902 Пісірілген немесе пісірілмеген, ішіне бір нәрсе салынған немесе салынбаған макарон өнімдері
- 1903 00 000 Тапиока немесе оны алмастырғыштар
- 1904 Астық дәндерін немесе астық өнімдерін кептіру немесе қуыру арқылы алынған дайын өнімдер
- 1905 Нан, ұннан жасалған кондитерлік өнімдер, печенье мен басқа да нан-тоқаш және наннан жасалған кондитерлік өнімдер
- 

**20-топ Көкөністердің, жемістердің, жаңғақтардың немесе**

**өсімдіктердің басқа да бөліктерінен қайта  
өңделген өнімдер**

- 
- 2001 Сірке суында немесе сірке қышқылында дайындалған немесе консервіленген көкөністер, жеміс-жидектер, жаңғақтар мен өсімдіктердің басқа да жеуге болатын бөліктері.
- 2002 Сірке суын немесе сірке қышқылын қоспай дайындалған немесе консервіленген томаттар
- 2003 Сірке суын немесе сірке қышқылын қоспай дайындалған  
2003 20 000 немесе консервіленген саңырауқұлақтар мен жерқұлақтар
- 2004 Сірке суын немесе сірке қышқылын қоспай дайындалған
- 2005 немесе консервіленген басқа да көкөністер, тоңазытылған картоп, басқа да көкөністер немесе көкөніс қоспалары
- 2006 Қантта консервіленген (шырын сіңірілген, жылтыратылған) жемістер, жаңғақтар, жемістердің қабықтары және өсімдіктердің басқа да бөліктері
- 2007 Жылумен өңделген, оның ішінде қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар немесе спирт қосылған жеміс-жидек джемі, тоңбасы, жеміс-жидек, жаңғақ мармеладтары, езбелері
- 2009 Ашымаған және спирт қосылмаған, қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылған немесе қосылмаған жеміс шырындары (жүзім шырыны ашытқысын қоса алғанда) мен  
к ө к ө н і с ш ы р ы н д а р ы

---

**21-топ Басқа да түрлі тағам өнімдері**

---

- 2101 Кофенің шырсөлдері, эссенциялары мен концентраттары, кофе, шай немесе мате шырсөлінің, эссенциясының, концентратының негізінде жасалған тағамдар, қуырылған цикорий және басқа да қуырылған кофені алмастырғыштар
- 2102 Ашытқылар (белсенді және белсенді емес), өнеркәсіптік микроорганизмдер мен ашытқылар.
- 2103 Тұздықтарды дайындауға арналған өнімдер мен дайын тұздықтар, араластырылған дәмдік үстемелер, қоспалар, тағамдық үстемелер, биологиялық белсенді үстемелер (қоректі заттарды қосу).

- 2104 Көжелер мен сорпалар, оларды дайындауға арналған дайын заттар
- 2105 00 Балмұздақ пен басқа да тағамдық мұз түрлері
- 2106 Басқа жерде аты аталмаған тамақ өнімдері.

---

**22-топ Алкогольді және алкогольсіз сусындар мен сірке суы**

---

- 2201 Минералды және газды сулар.
- 2202 Минералды, газды суды қоса алғанда қант немесе басқа да тәттілендіретін немесе хош иістендіретін заттар қосылған сулар, басқа да алкогольсіз сусындар
- 2203 00 Ашытылған сыра
- 2204 Күшейтілгендерді қоса алғанда табиғи жүзім шараптары
- 2204 10 Көбікті шараптар, шампан
- 2204 10 110
- 2205 Өсімдік немесе хош иісті шырсаңдар қосылған вермуттар мен басқа да табиғи жүзім шараптары
- 2208 Сусындарды дайындау үшін пайдаланылатын күшті спиртті сусындар, ликерлер мен басқа да алкогольді сусындар, құрамдас спиртті дүмбілдер.
- 2209 00 Сірке қышқылынан алынған сірке суы мен оны алмастырғыштар, шарап сірке суы

---

**24-топ Темекі және өнеркәсіптік темекі алмастырғыштар**

---

- 2401 Темекі және сигар шикізаты.
- 2402 Сигареттер (ұштары кесілген сигарларды қоса алғанда), сигариллар (жіңішке сигарлар) мен темекі немесе оны алмастырғыштардан жасалған сигареттер
- 2403 Түтікпен шегетін және тартатын темекі
- 3302, Сигареттер мен сигарларды (сигарилларды) өндіруге
- 3506 10, арналған компоненттер: сигарет сүзгіштері; хош
- 4813, иістендіргіштер; желім; сигарет қағазы (папирос),
- 4823 20 000, сигаретті тартуға арналған ілеспе тауарлар мен
- 9614 керек-жарақтар, сүзгіш-мүштіктер.

2501 00 990 Адамдар тұтынуға жарамды тұздар

---

**28, 29-топтар Қышқылдар**

---

2809 Ортофосфорлы қышқыл

2915 50 000 Пропионды қышқыл

2916 19 300 Сарбин қышқылы

2916 31 00 Бензой қышқылы

2917 Фитин қышқылы

2917 Фумар қышқылы

2917 Маржан қышқылы

2918 12 000 Шарап қышқылы

2918 14 000 Лимон қышқылы

2918 19 000 Алма қышқылы

2951 21 00 Орман-химиялық тағамдық сірке қышқылы

2 9 3 6 2 7 0 0 0 А с к о р б и н қ ы ш қ ы л ы

---

**33-топ Эфир майлары және резиноидтар: парфюмерлік, косметикалық және жуыну құралдары**

---

**34-топ Сабын, жуу құралдары, синтетикалық жуу құралдары**

---

**35-топ Белокты заттар; жетілдірілген крахмалдар**

---

3 5 0 3 0 0 Ж е л і м т е к

---

**39,69-топтардан Полимерлік, фарфор және керамика материалдарынан жасалған бұйымдар**

---

3920 Тамақ өнімдерімен жанасатын полимерлік материалдар

3924 Тамақ өнімдерімен жанасатын полимерлік, фарфор және

6911 керамика материалдарынан жасалған ыдыстар

3920 Балалар киімін, аяқ киімдері мен ойыншықтарын дайындауға арналған полимерлік материалдар

3917 Сумен жабдықтауда пайдаланылатын полимерлік материалдар

---

**39, 48, 70, 73, 76-топтардан Ыдыстар**

---

3923-тен Көкөністер мен жемістерге арналған айналымы көп полимерлік жәшіктер  
3923-тен Нан-тоқаш өнімдеріне арналған айналымы көп пластмассалық жәшіктер  
3923-тен Ет және сүт өнеркәсібі өнімдеріне арналған айналымы көп полимерлік жәшіктер  
4819-дан Балмұздаққа арналған картоннан жасалған гофрирленген жәшіктер  
4819-дан Кондитерлік өнімдерге арналған картоннан жасалған гофрирленген жәшіктер  
4819-дан Ет және сүт өнеркәсібі өнімдеріне арналған картоннан жасалған гофрирленген жәшіктер  
4819-дан Тамақ өнімдеріне, сіріңкелерге, темекі бұйымдарына және жуу құралдарына арналған картоннан жасалған гофрирленген жәшіктер  
7010-нан Өнеркәсіптік және шаруашылық мақсаттардағы тамақ өнімдеріне арналған шыны ыдыстар (банкілер, шөлмектер)  
7310-нан Консервілерге арналған металл банкілер  
7612-ден Сүт және сүт өнімдеріне арналған металл дүңгірлер

---

**4 8 - т о п**

**Қ а ғ а з**

---

4805 Автоматтардағы тамақ өнімдерін орауға арналған қағаз

---

**4 8 - т о п**

**К а р т о н**

---

4805 40 000 Тағамдық сұйықтықтарға арналған сүзгіш картон

---

**73, 74, 75, Қара және түсті материалдардан жасалған ыдыстар**  
**7 6 - т о п т а р д а н**

---

7323 94-тен Шаруашылықта пайдаланылатын кіреукелі болаттан жасалған ыдыс

7323-тен Таттанбайтын болаттан жасалған ыдыс

7323 93 000 Шаруашылықта пайдаланылатын кіреукелі шойыннан жасалған ыдыс

7418 Хром немесе никель жалатылған мельхиордан, жезден,  
7508-ден нейзильберден жасалған ыдыс



7418 Алтын немесе күміс жалатылған мельхиордан,  
7508-ден нейзильберден жасалған ыдыс  
7615 Табақ алюминийден жасалған шаруашылықта пайдаланылатын  
ы д ы с

---

**8 4 - т о п**

**Ж а б д ы қ т а р**

---

**Тамақ, ет-сүт және балық өнеркәсібі үшін  
салып-орауға арналған автоматтар**

**Мыналар үшін салып-орауға арналған жабдықтар**

---

8422, 8423, Қант және крахмал-сірне өнеркәсібі;  
8434, 8437-ден  
8438 нан пісіру, макарон және кондитер өнеркәсібі;  
және өзге де шарап жасайтын, спирт және ликер-арак өнеркәсібі;  
Консерві және тағам концентраттары өнеркәсібі;  
май-тоң май өнеркәсібі;  
шай, темекі, тұз және фермент өнеркәсібі;  
сыра қайнату, алкогольсіз және ашытқы өнеркәсібі;  
Етті және құсты қайта өңдеу өнеркәсібі;  
сүт өнеркәсібі;  
балықты қайта өңдеу;  
сүт өнеркәсібіне арналған технологиялық жабдық  
8418-ден Тоңазытқыш шкафтар.  
8418-ден Тоңазытқыш камералар.  
8418 50-ден Сөрелер, тоңазытқыш сөре-жаймалар  
8418 50-ден Тоңазытқыш жаймалар  
84 Буда және электрмен қыздыруға арналған тамақ пісіретін  
қазандар  
8419-дан Электрмен қыздырылатын асханалық плиталар  
8419-дан Тамақ пісіретін және қуыратын жылу  
аппараттары  
8419-дан Электрмен қыздырылатын аударуға ыңғайлы табалар мен  
қуырма ыдыстар  
8516 Үздіксіз жұмыс істейтін су қайнатқыштар  
8516 Су ысытқыштар. Термостаттар.  
8419-дан Мармиттер  
8419-дан Бумен пісіретін аппараттар  
8419-дан Орнатылатын, ашылып-жабылатын, қозғалмалы жылу шкафтары

- 8474 39 00 Илеп-араластыру машинасы
- 8422 Тамақты таратуға арналған жабдық
- 8422 Көкөністер мен жемістерді салуға және орауға арналған жабдық
- 8422 Сауда мекемелері үшін салып-орауға арналған жабдық
- 8474 39 000 Электрлі май былғағыштар
- 8479 Көкөніс кескіштер, тілкемдеуіштер, үккіштер, үкпе
- 8509 машинкалар мен керек-жарақтар:
- 8479 көпірткіштер, миксерлер, балмұздақ дайындағыштар;
- 8479 картоп тазартқыштар;
- 8479 көкөніс кескіштер;
- 8479 нан турағыштар;
- 8479 шұжық кескіштер, сыр кескіштер;
- 8479 жемістерді, қиярларды, қызанақтарды және басқаларды тілімдеп кесуге арналған машинкалар;
- 8479 камырдан және жабысқақ қоймалжың заттан жасалған бұйымдарды қалыпқа салуға арналған керек-жарақтар;
- 8422 консерві банкілерін және шөлмектерді ашуға және қайта жабуға арналған керек-жарақтар;
- 8479 пиязды, сарымсақты, көктерді кесуге арналған машинкалар мен керек-жарақтар;
- 8479 кеспе кескіштер;
- 8479 жұмыртқа кескіштер;
- 8479 кофе ұнтақтағыштар;
- 8479 кептірілген нанды, жаңғақтарды және сарымсақты ұсақтауға арналған машинкалар;
- 8479 тұшпараларды, варениктерді, печеньеелерді қалыпқа салуға, өнімдерді креммен өрнектеуге арналған керек-жарақтар;
- 8479 Картоп пен көкөністерді жууға және тазартуға арналған машинкалар;
- 8422-ден ыдыс жууға арналған машиналар;
- 8479 Пышақ қайрауға, асхана ыдыстары мен ас үй мүккәмалдарын тазалауға және жылтыратуға арналған керек-жарақтар;
- 8479 Үйде консервілеуге арналған бұрап жабатын машинкалар.
- 8479 Престер, шырын сыққыштар, шырын алуға арналған басқа да керек-жарақтар;

- 8479 Асханалық қол кескіштер мен тазалағыштар  
8479 Өнімдерді үйде консервілеуге, бөлшектеу мен өңдеуге арналған керек-жарақтар жиынтығы, басқалар  
8479 Кондитерлік шприцтер.  
8479 Бұлғағыштар, араластырғыштар.  
8479 Қолмен тілкемдеуіштер.

Осымен қоса беріліп отырған мәтіннің 2001 жылғы 31 мамырда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары кеңесінің мәжілісінде қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер халқының арасындағы йод тапшылығы жай-күйінің алдын алу туралы келісімнің көшірмесіне ұқсастығы куәландырылады. Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқалы данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады.

*ТМД-ның Атқару комитеті төрағасының  
- орындаушы хатшысының*

*бірінші орынбасары*

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарын санитарлық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге Әзербайжан Республикасының  
ЕРЕКШЕ ПІКІРІ**

2-бапта көрсетілген санитарлық қорғау жөніндегі санитарлық ережелер мен нормалар Әзербайжан Республикасының құзыретті органдарымен келісілуде.

*Әзербайжан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*бірінші орынбасары*